**Ахметова Гульнур Серикбековнаның 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Абай облысы жер – су атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына**

# РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ

| № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі<br>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер – су атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» атты диссертациялық жұмысы аймақты мекендеген халықтардың тарихын зерттеуге, географиялық ерекшеліктерін мен тілдік өзгерістер туралы білімдерін кеңейту міндеттерін негізге ала отырып дайындалған жұмыс ғылымның даму бағыттарына толық сәйкес келеді және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын көздейді. |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссия бекіткен ғылыми дамуының 18 – бабының 3 тармағына сәйкес іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді айқындаудың басым бағыттарын көздейді. А.Г. Серікбекқызы Абай облысына қарасты өңірлердің лексика -семантикалық жүйесін кешенді зерттеу арқылы тіл білімінің топонимика, топонимжасам, аймақтық топонимика, этнолингвистика, лексика, семантика салаларының дамуына септігін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тигізеді. Осы орайда, «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында отандық және әлемдік практикаларға сәйкес ғылыми сұраныс нәтижелерін халықаралық стандарттар тұрғысынан негіздеу қажеттіліктеріне ізденуші тарапынан ұсынылған зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының өлшемдік үлесі жұмыстың ғылыми сұраныстарына жауап береді. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Докторанттың диссертациялық жұмысы барысында алынған зерттеу нәтижелерінің деңгейі арқылы өзі жазу деңгейінің жоғары екендігі көрінеді. Диссертация құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қосымшадан тұрады. Диссертант алға қойған мақсат-міндеттеріне жету үшін зерттеудің өзектілігін айқындап, нақты міндеттерді қоя білген. Әрі алға қойған міндеттерді орындауға толық бағытта жұмыс атқарған. Диссертация барысында жасалған тұжырымдарында өзіндік пікір-пайымдар оңды жасалған. |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыс құрылымдық жағынан біріздділігін сақтаған үлкен үш тараудан тұрады. Әрбір тараудағы тараушалардың өзара ішкі бірлік қағидалары сақталған. Жұмыс талаптарға сай орындалып жазылған, әрі өзектілігінің негіздемесі айқындалған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды; | Толық аяқталған жұмыс мазмұны зерттеу тақырыбының мақсаты мен міндеттерін орындай отырып, нақты тұжырымдар негізінде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) айқындамайды | диссертация тақырыбын аша білген. Диссертация мазмұны тақырып кеңістігін толық айқындай алады. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Жұмыста алынған аймақтар бойынша географиялық нысан атаулары жинақталған. Аймақ топонимиясының қалыптасуының қоғамдық-тарихи және географиялық негіздерін айқындау, этномәдени факторларына сипаттама беру, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыру және сөзжасамдық-құрылымдық сипатын ажырату тұрғысынан кешенді зерттеуді мақсат етіп алған зерттеудің міндеттері айқын, әрі жұмыс тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелерінен алынған тұжырымдары нақты, әрі дәлелді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертациялық жұмыстың «Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктегі теориялық негіздемесі», «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық интерпретациясы» және «Абай облысы жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері» атты үлкен үш бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, ғылыми айналымда жүрген белгілі тұжырымдар мен қағидалар салыстырылып, ұтымды ұсынылған. |
| 5 | Ғылыми | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен | Диссертация негізінде алынған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жаңашылдық принципі | кагидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | төмендегі нәтижелер:<br>- Алғаш рет аймақ топонимдерінің жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйе ретінде арнайы зерттелініп, лингвистикалық тұрғыдан қарастырылған;<br>- Диссертациялық жұмыстағы дәлелді ақпараттар ретіндегі тілдік деректерді қарастыру барысында 1500-ге жуық жер-су атаулары топтастырылып, тілдік тұрғыдан талданған;<br>- Тұңғыш рет Абай ауданы және Абыралы өңірінің жер-су атаулары топтастырылып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жіктелген;<br>- Тұңғыш рет Абай ауданы және Абыралы өңірі жер-су атауларының сөзжасамдық құрылымдық сипаты талданған;<br>- Абай және Абыралы топонимикалық жүйесіндегі этномәдени факторлардың рөлі айқындалды және оларға сипаттама жасалған;<br>- Абай және Абыралы өңірлерінен алғаш рет жинақталған тілдік материал аталған өңірлердің топонимикалық сөздігін жасауға негіз болғаны нақты мысалдардың берілуі толығымен жаңа болып есептеледі. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе | Технологиялық шешімдер жартылай жаңа және негізделген. Шешімдердің негізделуі 75% - дық үлесте |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | жаңа болып табылады. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Ахметова Гүлнұр Серікбекқызының диссертациясында алынған әрбір нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген.<br>Зерттеу жұмысындағы барлық түйінді қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды, нақты дәлелдемелермен дәйектелген. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | Г.Ахметованың диссертация негізіндегі ұсынылған әрбір қағидаттары нақты дәлелдермен ұсынылған. Ол тұжырымдар нақты мысалдармен көрсетілген. Жаңашылдық деңгейі жоғары.<br>7.1 Диссертациялық жұмыстың әр қадиғаты дәлелденген.<br>Топонимиканың маңызды бір саласы микротопонимдер сол аймақтың ондаған ғасырлар бойы қалыптасқан табиғат жағдайларын, сол аймақты мекен еткен халықтың ежелгі және жаңа тарихын бойына сіңіріп, сақтап келген ұлттың рухани және материалдық мәдениетінен көрініс беретін жалқы есімдер кешені болып саналады. Микротопонимдер белгілі бір аймақта адамдардың ұзақ уақыт тұрақтануы негізінде қалыптасқан нысан атаулары ретінде өзіндік құрылымдық және лингвомәдени ерекшеліктерге ие. Мұндай ерекшеліктерді тану лингвистика топожүйесінің теориялық және тәжірбиелік сипатындағы маңызы мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қажеттілігін танытады.<br><br>7.2 Диссертациялық жұмыстың қагидаты тривалды болып табылмайды.<br><br>7.3 Диссертациялық жұмыстың мазмұнын толық жаңа деп есептеуге болады. Себебі жұмыстың антиплагиат жүйесіндегі көрсеткіші 77,73%-ды құрайды.<br><br>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолдану деңгейі кең. Себебі: жалпы топонимдер тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, этнография, география ғылымдарының тоғысында қарастырылатын бірліктер болғандықтан, оларды зертеу, топтастыру, мазмұндық ерекшеліктерін анықтау, географиялық орналасу жүйесін анықтау сипатына орай қолданылу деңдейі кең болып келеді.<br><br>7.5 Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда жарияланған 5 мақалада,халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағында жарияланғаны 3, баяндамада және жалпы ғылыми басылымда жарияланған 1 мақала дәлелденген. |
| 8 | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) ия;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық қыры ұтымды көрінеді. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізіне қазақ ономастикасының жалпы мәселелеріне қатысты зерттеушілердің еңбектері жан-жақты қарастырылған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі | Диссертация жұмысының дереккөздері мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі жоғары. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) иә;<br>2) жоқ | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) иә;<br>2) жоқ | Топонимика саласындағы іргелі еңбектерді жан-жақты қарастыра отырып негізгі теориялық қорытындылар мен тұжырымдар жасалған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы көрсетілген. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми қордағы материалдарды саралауға мән берілген. Зерттеуде 141 әдебиетке шолу жасалған. Қолданыстағы әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызымен практикалық қолданбалы мәселелерді шешудегі бағыт – бағдары өте жоғары. Жұмыста Абай, Абыралы өңірлерінің топонимикалық жүйесі қалыптастырылып, олардың лексика-семантикалық, сөзжасамдық ерекшеліктері анықталған. Топонимикалық жүйенің тілдегі қызметі нақты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | материалдар негізінде қарастырылып, жер-су атауларына кешенді талдау жасалған. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) ия;<br>2) жоқ | Зерттеудің материалдары аймақтық топонимикалық зерттеулерде, түркі және шет тілдеріндегі топонимия бойынша салыстырмалы жұмыстарда, топонимикалық экспедицияларда географиялық атауларды жинау кезінде, топонимикалық сөздіктер мен атластарды құрастыру кезінде, Абай облысы топонимикасы бойынша арнайы курстар мен қазақ тілі тарихы мәселелері бойынша арнайы семинарлар әзірлеу кезінде тәжірибе жүргізуде қолдануға болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Жұмыстың практикалық тұрғыдағы маңыздылығы жоғары. Топонимдік жүйе туралы жаңа пайымдаулар мен шешімдер жасауға ықпал ететін жаңашыл қырымен ерекшеленеді. |
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1)жоғары;<br>2)орташа;<br>3)орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертациялық жұмыстың сапасы 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысынының ғылыми нәтижелерінің құндылығын бағалай келе, төмендегідей ұсынысты атап өтейік: Ахметова Гүлнұр Серікбекқызының «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы ҚРБҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Академиялық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | дәрежені тағайындау ережесінің» 2 бөлімінде көрсетілген талаптарына жауап береді. 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық. |

**Шешім:**

Диссертация Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігін тануға бағытталған жаңа, ғылыми негізделген ұсыныстарын, қорытындыларын, теориялық және тәжірбиелік нәтижелерін қамтитын кешенді зерттеу жұмысы болып табылады.

Ахметова Гульнур Серикбековнаның «Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациясы Қазақстан Республикасы және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы бар зерттеу ретінде 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ**
**Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,**
**PhD доктор** **Қ.К. Кенжалин**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
05 06 2024